

Қазақстан Республикасында арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілген мәліметтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 14-1/113 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 сәуірде № 6870 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 19-1/248 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015 № 19-1/248 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабының 6-1) тармақшасына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған арнайы су пайдалануға рұқсат беруге өтініште көрсетілетін мәліметтер бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.09.06 № 14-1/504 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Ж.Ы. Омаров) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.09.06 № 14-1/504 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **А. Күрішбаев**
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 5 н а у р ы з д а ғ ы
№ 1 4 - 1 / 1 1 3 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініште көрсетілетін мәліметтер

Ескерту. Мәліметтер жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.09.06 № 14-1/504 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініште мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1. Жеке және заңды тұлғаның мәліметтері:

- 1) жеке тұлғаларды куәландыратын құжаттар, СТН (ЖСН) немесе заңды тұлғалар үшін тіркеу туралы куәлік, СТН (БСН) (№, кім және қашан берген);
- 2) мекен жайы (индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон, факс);
- 3) филиалдар, өкілдіктер;
- 4) су пайдалануға жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны.

2. Жер үсті суларын (ағызылатын сарқынды суларды, жер асты су көзін) алу және (немесе) пайдалану орындарының координаттары көрсетілген ахуалдық схемасы.

3. Су пайдалану мақсаты.

4. Су объектісінің атауы, негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары, су пайдаланудың басқа да шарттары.

5. Жер үсті суларын (ағызылатын сарқынды суларды, алынатын жер асты су көзін) алу және (немесе) пайдаланудың есептік көлемі (текше метр/жыл, текше метр/ай, текше метр/тәулік, литр/секунд).

6. Өнім бірлігіне кететін жер үсті, жер асты және сарқынды сулардың үлестік шығыстары.

7. Су пайдалануды бастау және аяқтаудың болжанып отырған мерзімі.

8. Су пайдаланушының өндірістік қызметіне сипаттама (шығарылатын өнімнің көлемі, қызметкерлердің, қызмет көрсетілетін халықтың саны, қуаты, суарылатын учаскелерінің алаңдары).

9. Арнайы су пайдалануға бұрын берілген рұқсаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кім берді, қолданылу мерзімі, егер осылар өтініш берушіде бар болса, жер үсті және жер асты суларын алу және (немесе) пайдалану жөніндегі пайдалану, өнеркәсіптік және басқа да сарқынды суларды жер беті су объектілеріне ағызу тәжірибесі).

10. Суды пайдалануды есепке алуға, режимдік байқаулар мен зертханалық талдаулар жүргізуге арналған жабдықтардың сипаттамалары.

